LG

ХОЛОДИЛЬНИК С МОРОЗИЛЬНЫМ ОТДЕЛЕНИЕМ

ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ

ПЕРЕД ВКЛЮЧЕНИЕМ ХОЛОДИЛЬНИКА ВНИМАТЕЛЬНО ПРОЧИТАЙТЕ ДАННУЮ ИНСТРУКЦИЮ И ВСЕГДА ДЕРЖИТЕ ЕЕ ПОД РУКОЙ.

LG

АСТЫНАН МҰЗДАТЫЛАТЫН ТОҢАЗЫТҚЫШ

Пайдалану жөніндегі басшылық

Жұмыс істетер алдында осы басшылықты мұият оқып шығып, анықтамалық үшін әрқашан қол астында сақтаңыз.

P/No. 3828JD8614X

Printed in Korea

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Тіркеу — 22
ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар — 22
Бөлшектердің сипаттамасы — 24

Орнату

Орнату — 25
Іске қосу — 25

Пайдалану

Температура регуляторы — 26
Тез мұздату — 26
Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған кезде — 27
Өз-өзін тексеру — 27
Есік сигнализациясы — 27
Мұз жасау — 27
Еріту — 27
Су диспенсері — 28

Азық сақтау нұсқамалары

Азық сақтау — 30

Күту және техникалық қызмет көрсету

Жалпы мәліметтер — 31
Шамды ауыстыру — 31
Тазарту — 32

Ақауларды анықтау

Ақауларды анықтау — 34

X(2_□□□).indd 21 2006-05-18, □□ 4:36

Тіркеу

Кіріспе

Моделі мен сериялық номері қондырғының артқы жағында көрсетілген.
Бұл номер тек қана осы қондырғыға берілген.
Бұл жерге қажетті мәліметтерді жазып, осы нұсқаулықты сатып алғаныңыздың тұрақты дәлелі ретінде сақтаңыз.Түбіртекті осы жерге бекітіп қойыңыз.

Сатып алу күні : _____

Делдал кімнен сатып алды : _____

Делдалдың мекенжайы : _____

Делдалдың телефон № : _____

Модель № : _____

Сериялық № : _____

ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Сақтық шаралары

Осы мұздатқыш-тоңазытқыш пайдаланылардан бұрын Орнату жөніндегі басшылыққа сәйкес тиісті түрде орнатылып, орналастырылуға тиіс.

Мұздатқыш-тоңазытқышты еш уақытта қорек сымынан тартып ток көзінен ажыратпаңыз. Әрдайым ашаны мықтап ұстап, розеткадан тікелей суырып алыңыз.

Құрылғыны қабырғадан алыстатып жылжытқан кезде қорек сымын үстінен баспауына немесе зақымдамауына мұқият болыңыз.

Мұздатқыш-тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде тоңазытқыш бөліміндегі суық беттерге әсіресе сулы немесе ылғалды қолмен тимеңіз. Аса қатты суық беттерге тері жабысып қалуы мүмкін.

X(2_□□□).indd 22 2006-05-18, □□ 4:36

ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Сақтық шаралары

Мұздатқыш-тоңазытқышты тазалар алдында қорек ашасын розеткадан суырып алыңыз.
Қорек сымын еш уақытта зақымдаушы, өте қатты июші, тартушы немесе бұраушы болмаңыз, өйткені қорек сымының зақымдануы өрт шығуына немесе ток соғуына себепші болуы мүмкін.
Шыны өнімдерін еш уақытта мұздатқышқа салмаңыз, өйткені олардың ішіндегілері мұздаған кезде шыны сынуы мүмкін.

Қуат сымының ұзындығын өзгертпеңіз немесе ұзартпаңыз

Электрлік соққыға немесе өртке әкеліп соғады.



Ұзартқыш сым пайдаланбаңыз

Мүмкін болса, мұздатқыш-тоңазытқыш пен басқа құрылғылардың немесе үй жарықтарының шамадан тыс жүктеме тудыруының алдын алу үшін оны бөлек розеткаға қосыңыз.

Қуат көзінің ыңғайлы жерде орналасуы

Төтенше жағдайда тез ажырату үшін екі камералы тоңазытқыштың қуат көзі жетуге оңтайлы жерде орналасуы тиіс.

Қуат сымын ауыстыру

Қуат сымы зақымдалған жағдайда, қауіптің бетін алу үшін оны өндіруші немесе оның қызмет көрсету агенті немесе тәріздес біліктілігі бар адам ауыстыруға тиіс.

Қауіп

Балалардың қамалып қалу қаупі.
Ескі тоңазытқышыңызды немесе мұздатқышыңызды шығарып тастар алдында: Есіктерін ағытып тастаңыз. Балар ішіне оңай кіпі кетпеу үшін сөрелерін орнында қалдырыңыз.

Сақтауға жатпайтын заттар

Осы немесе кез келген басқа аспаптың жанында бензин немесе басқа да өртке қауіпті булар мен сұйықтықтарды сақтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.

Жерге қосу

Қысқа тұйықталғанда, жерге қосу электроағымды апаттық сым арқылы өткізіп, электрлік соққы қаупін төмендетеді. Ықтимал электрлік соққының бетін алу үшін бұл құрылғы жерге қосылуы тиіс. Жерге қосатын түйіспені дұрыс қолданбау электрлік соққының себебі болуы мүмкін. Егер жерге қосу нұсқамаларды толық түсінбесеңіз немесе қондырғының дұрыс жерге қосылғанына күмәніңіз болса, білікті электрикпен немесе техникпен ақылдасыңыз.

⚠ Ескерту

- ⚠ Қондырғы қаптамасындағы немесе құрамдас құрылмадағы желдету тесіктердің бітеліп қалмауын қадағалаңыз.
- ⚠ Ерітуді тездету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық саймандар мен құралдарды пайдаланбаңыз.
- ⚠ Суытқыш желісіне зақым келтірмеңіз.
- ⚠ Егер түрі өндіруші ұсынғандай болмаса, азық сақтау камераларында электроаспаптарды пайдаланбаңыз.
- ⚠ Қондырғыда пайдаланытын суытқыш пен үрлеу газы арнайы жою әдістерді талап етеді. Жойғанда, қызмет көрсету агентімен немесе тәріздес біліктілігі бар адаммен ақылдасыңыз.

X(2_□□□).indd 23 2006-05-18, □□ 4:36

Бөлшектердің сипаттамасы



Ескертпе

Егер қондырғының кейбір бөлшектері жетіспесе, олар тек қана басқа модельдерде пайдаланылуы мүмкін.

X(2_□□□).indd 24 2006-05-18, □□ 4:36

Орнату

1. Жақсы орын табыңыз.
   Екі камералы тоңазытқышты оңай пайдалатын жерге орнатыңыз.
2. Қондырғыны жылыту көздерінен, тікелей күн сәулесінен немесе ылғалдықтан аулақ орнатыңыз.
3. Екі камералы тоңазытқышты тиімді түрде пайдалану үшін оның айналасында тиісті ауа циркуляциясын қамтамасыз ету керек. Егер екі камералы тоңазытқышыңыз қабырғаға батырылып орнатылса, үстінде, кем дегенде, 5 см саңлақ қалдырыңыз.
4. Вибрацияны болдырмау үшін қондырғыны түзету керек. Қажет болса, еденнің қисықтығын түзету бұрамалар арқылы жоққа шығарыңыз. Есіктің жабылуын жеңілдету үшін алдыңғы жағы артқы жағынан сәл жоғары болу керек. Корпусын сәл көтеріңкіресе, түзету бұрамалар оңай бұралады. Қондырғыны жоғарлату үшін түзету бұрамаларды сағат жүрісіне қарсы( ) бұраңыз, ал төмендегі үшін- сағат жүрісі бойымен( ) бұраңыз.
5. Екі камералы тоңазытқышты мұқият тазартып, тасымалдау кезінде жиналған барлық шаң-тозаңды сүртіп тастаңыз.
6. Мұз текшелерін салатын қалта және тағы басқалар сияқты керек-жарақтарды өздерінің тиісті орындарына салыңыз. Тасымалдау кезінде ықтимал зақымдануды болдырмау үшін олардың бәрі бір орамаға салынады.
7. Қуат сымын (немесе шанышқыны) қуат көзіне қосыңыз. Бір қуат көзіне басқа қондырғыларды қоспаңыз.

Іске қосу

Екі камералы тоңазытқыш орнатылып болғаннан кейін құнақы немесе мұздатылған азықты салар алдында, оны қалыпты жұмыс температурасында тұрақтандыру үшін 2-3 сағат беріңіз.
Егер қуат шанышқысы ажыратылып тұрса, қайта іске қосар алдында 5 минуттай күте тұрыңыз.
Енді екі камералы тоңазытқышыңыз іске дайын.

X(2_□□□).indd 25 2006-05-18, □□ 4:36

Температураны реттеу

Мұздатқыш-тоңазытқышыңызда сізге тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімдеріндегі температураны реттеуге мүмкіндік беретін екі басқару құралы бар.

Тоңазытқыш

- Бастапқыда TEMP. CONTROL (температура реттеу) тұтқасын “4” мәніне қойыңыз. Содан кейін бөлімдегі температураны қалауыңызға қарай реттеңіз.
- Егер ішкі температураның кішкене суық немесе суығырақ болғанын қаласаңыз, тұтқаны сәйкесінше MIN (ең төменгі) немесе MAX (ең жоғарғы) мәндеріне қарай бұраңыз. Айналадағы температура төмен болған кезде TEMP. CONTROL (температураны реттеу) тұтқасын ‘MIN’ мәніне бұраңыз.



TEMP. CONTROL

Мұздатқыш

- Мұздатқыш температурасын реттеу құралы мұздатқыш-тоңазытқыштың үстіңгі жағында орналасқан. Бастапқыда Freeze Temp (мұздату температурасы) түймесін орташа мәнге қойыңыз. Freezer Temp түймесін басу арқылы мұздатқыш температурасын жанған шамдардың көрсетуіне қарай реттеуге болады. (баптама бес қадамнан тұрады, 5 жанған шам ең суық температураны көрсетеді.)
- Операция аяқталғаннан кейін тоңазытқыш автоматты түрде қалыпты жағдайға оралады. Егер тез мұздату операциясын тоқтатқыңыз келсе, ‘QUICK FREEZE’ түймесін тағы да бір рет басыңыз. Шам сөніп, тез мұздату операциясы тоқтайды да, тоңазытқыш қалыпты жағдайда оралады.



Тез мұздату

- Бұл функция сіз азық-түліктерді тез мұздатқыңыз келген кезде қолданылады. ‘QUICK FREEZE’ (тез мұздату) түймесін бір рет бассаңыз, шам жанып, тез мұздату операциясы басталады. Тез мұздату операциясына 3 сағатқа жуық уақыт кетеді.Операция аяқталғаннан кейін тоңазытқыш автоматты түрде қалыпты жағдайға оралады. Егер тез мұздату операциясын тоқтатқыңыз келсе, ‘QUICK FREEZE’ түймесін тағы да бір рет басыңыз. Шам сөніп, тез мұздату операциясы тоқтайды да, тоңазытқыш қалыпты жағдайда оралады.



X(2_□□□).indd 26 2006-05-18, □□ 4:36

Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған кезде



Бұл функция мұздатқыш-тоңазытқышты энергия үнемдеу режимінде жұмыс істетеді. Бұл сіз демалысқа кеткен кезде пайдалы және энергияның тұтынылуын мүмкіндігінше азайтады. 'VACATION' (демалыс) түймесін бассаңыз, ON (қосулы) шамы жанып, операция басталады, қайтадан бассаңыз, тоқтайды. Жұмысты жақсарту үшін TEMP. CONTROL түймесін "MIN" мәніне қойғаныңыз жөн.

Өз-өзін тексеру

Бұл функция жұмыс проблемаларын тексеруге мүмкіндік береді. Егер мұздатқыш-тоңазытқышыңызда ақау бар деп ойласаңыз, онда температураны реттеу түймесін басыңыз:

- Егер көрсеткіш шамдар жоғары немесе төмен қозғалып тұрса, онда мұздатқыш-тоңазытқышта ақау жоқ.
- Егер көрсеткіш шамдар жоғары немесе төмен қозғалмаса, онда қоректі қосулы күйінде қалдырып, ең жақын жердегі қызмет көрсету агентіне хабарласыңыз.

Есік сигнализациясы

- Тоңазытқыштың есігі біраз уақыт ашық қалса, сигнал дыбысы естіледі.

Мұз жасау



- Мұз түйірлерін жасау үшін мұз науасын су деңгейіне дейін толтырып, оны мұздатқышқа салыңыз.
- Егер мұз түйірлерін тез жасау қажет болса, 'QUICK FREEZE' түймесін басыңыз.
- Мұз түйірлерін шығарып алу үшін науаны шеттерінен ұстап, жайлап майыстырыңыз.

Пайдалы кеңес

Мұз текшелерін оңай шығару үшін науаны майыстырар алдында оның үстінен сү жіберіңіз.

Еріту

- Еріту автоматты түрде атқарылады.
- Еріту суы төмен кептіру науасына қарай ағып, автоматты түрде буланып кетеді.

X(2_□□□).indd 27 2006-05-18, □□ 4:36

Су диспенсері (тапсырыс бойынша)

Ерекшеліктері



Орнату

• Клапанды есік тесігіне дұрыс келтіріп орнатыңыз.

X(2_□□□).indd 28 2006-05-18, □□ 4:36

Су ыдысын толтыру

1. Есікке орнатылған су ыдысының тұтқасын артқа шалқайтып, кіші қақпақты ашып, құман шүмегі немесе өзге құрал арқылы су құйыңыз.
   * Су құйғанда, су ыдысының алдындағы бақылау терезесіне қарап тұрыңыз.
   * Суды 4,5 литр көлеміне дейін қуюға болады.
2. Кіші қақпақты басып орнықтырыңыз.
3. Суды құйғаннан кейін су ыдысын тиісті орнына орнықтырыңыз.

Су ішу

1. Диспенсер тілін кесемен басыңыз.
2. Тілді басқанда, диспенсер ішінен су құйылады.
3. Егер кесені ақырын тілден аластатса, су құйылмайды.

⚠ Сақтандыру

Таза судан басқа, өзге сусындарды құймаңыз (сүт, шырын, газдалған сусындар және т.б.). Әсіресе, құрамында майда бөлшектер бар сусындарды (іркіліске әкеліп соғуы мүмкін).

X(2_□□□).indd 29 2006-05-18, □□ 4:36

Азық сақтау

- Банан, қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын азықты сақтамаңыз.
- Сақтар алдында ыстық тағамдарды суытыңыз. Ыстық тағамдарды тоңазытқышқа қойсаңыз, басқа азық бұзылып, электрлік қуаттың тұтынуы өсуп кетуі мүмкін.
- Азықты қақпағы бар ыдысқа салып сақтаңыз. Бұл шара ылғалдылықта сақтап, азықтың дәмі мен нәрлігінің сақталуына септігін тигізеді.
- Желдету тесіктерін азықпен бітеп қоймаңыз. Салқын ауаның кедергісіз айналуы температураны біркелкі етіп сақтайды.
- Есікті жиі-жиі аша бермеңіз. Есікті ашқанда, ішіне жылы ауа кіріп кетіп, температураны көтереді.
- Температураны реттеу оңай болу үшін температураны реттеу тұтқасының жанына азық-түлік сақтамаңыз.
- Ешқашан есіктегі қалталарға өте көп азық салмаңыз, себебі есік толығымен жабылмай қалуы мүмкін.
- Мұздатқыш камерасында шөлмектерді сақтамаңыз- олар қатып қалғанда сынып кетуі мүмкін.
- Еріп бара жатқан азықты қайта мұздатпаңыз. Азықтың дәмі мен нәрлігі жоғалады.

Ескертпе

Егер тоңазытқышты ыстық және ылғал жерге орнатсаңыз, есігін жиі-жиі аша берсеңіз немесе ішіне көп көкөніс салсаңыз, оның ішінде жұмысына әсер етпейтін шық түзіледі.
Шықты шаң сүртетін шүберекпен сүртіп тастаңыз.

X(2_□□□).indd 30 2006-05-18, □□ 4:36

Жалпы мәліметтер

Қуат іркілісі

- Қуаттың 1-2 сағат іркілісі азық қорына әсер етпейді. Есікті жөнсіз жиі-жиі ашып жаба бермеңіз.

Егер көшсеңіз

- Екі камералы тоңазытқыштан азықты шығарып, барлық бос заттарды таспамен бекітіңіз.
- Екі камералы тоңазытқышты жылжытар алдында түзету бұрамаларын тірелгенше бұраңыз. Өйтпесе, бұрамасы еденге сызат түсіруі мүмкін немесе тоңазытқыш орнынан қозғалмауы мүмкін.

Конденсатқа қарсы түтік

- Шық түзілуіне жол бермеу үшін конденсатқа қарсы түтік екі камералы тоңазытқыштың алдыңғы жағының айналасында және тоңазытқыш пен мұздатқыш камераларын бөлетін қалқаның үстінде орнатылады.



- Әсіресе орнатқаннан кейін немесе қоршаған орта температурасы жоғары болғанда, екі камералы тоңазытқыш терлеп кетуі мүмкін. Оған мазасызданбаңыз.

Шамды ауыстыру

1. Қорек ашасын розеткадан суырыңыз.
2. Тоңазытқыш сөрелерін шығарып алыңыз.
3. Шамның қақпағын шығарып алу үшін ⊖ тұрпатты бұрауышты шам қақпағының астыңғы жанына енгізіп, алдыға қарай суырып алыңыз.
4. Құрастыруды бөлшектеуге кері тәртіппен орындаңыз.
5. Құрастыруды бөлшектеуге кері тәртіппен орындаңыз. Қосалқы шамның техникалық көрсеткіштері ауыстырылатын шамдікімен бірдей болуға тиіс.
   - Электр ұшқынының алдын алуға арналған резеңке тығыздағыш сақина тексерілуі тиіс.



X(2_□□□).indd 31 2006-05-18, □□ 4:36

Тазалау

Тазалау алдында

Қуаттан ажыратыңыз.

Сырты

Екі камералы тоңазытқыштың сыртын ыстық суға немесе сұйық тазартқышқа малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Тазартқышты пайдаланғанда, оның ізін қалдырмай құрғақ таза шүберекпен сүртіп тастаңыз.

Іші

Жоғарыда айтылғандай.

Тазалағаннан кейін

Қуат сымының зақымдалмағанын, қуат шанышқысының қызып кетпегенін және оның қуат көзіне тығыз тығылғанын тексеріңіз.

Ескерту

Сумен жуғаннан кейін қондырғыны құрғақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.

Екі камералы тоңазытқыштың бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін абразивтерді, керосинді, бензинді, еріткіштерді, тұз қышқылын, қайнап тұрған суды, қылы қатты ысқышты және т.б. пайдланбаңыз.

X(2_□□□).indd 32 2006-05-18, □□ 4:36

Торлама мен тамшы ыдыс

1. ШАРБАҚТЫҢ ТЕСІКТІ жағын саусақпен шығарып алғаннан кейін ТАМШЫ НАУАСЫН сыртқа жайлап суырып алыңыз.
2. ТАМШЫ НАУАСЫНЫҢ ішіндегі тамшы суды төккеннен кейін ШАРБАҚ пен ТАМШЫ НАУАСЫН тазалап, толық шайып алыңыз.
3. Таза шүберекпен есік пен тамшы ыдыстың айналасындағы ылғалды сүртіп тастаңыз.

Диспенсердің сырты

Шүберекпен диспенсердің сыртындағы және тілінідегі ылғалды және өзге де қоқысты сүртіп тастаңыз.

Су ыдысы

1. Су ыдысының түбіндегі бекіту иінтіректі басу арқылы су ыдысын көтеріп, шығарып алыңыз.
2. Ыдыстың қақпағын (үлкенін) шығарған соң, бейтарап тазартқышпен су ыдысының іші мен сыртын тазалап, әбден шайып тастаңыз.

Ыдыс қақпағы (үлкені мен кішісі)

Бейтарап тазартқышпен Ыдыс қақпағын (үлкені мен кішісін) тазалап, әбден шайып тастаңыз.

Су ыдысының кертілген бөлшектерін тазалауға кішкентай ысқыш өте ыңайлы.

Клапан

Кішкентай ысқышпен Клапанды тазартып, әбден шайып тастаңыз.

Клапанның түбін істетіп тұрып сумен шайыңыз.

Әрқашан тазалау үшін бөлшектенген тұмшалау резинасын өзінің орнында бекітіңіз (су тамшылауы мүмкін)

X(2_□□□).indd 33 2006-05-18, □□ 4:36

Ақауларды анықтау

Жәрдем шақырар алдында мына тізімді тексеріңіз. Бұл уақытыңыз бен шығындарыңызды үнемдеуі мүмкін. Бұ тізімде осы құрылғыдағы ақаулы сипаттамаларының немесе материалдарының нәтижесінде болмайтын жалпы жағдайлар сипатталынады.

Проблема	Ықтимал себептері
Екі камералы тоңазытқыш істемей тұр	• Қуат шанышқысы қуат көзінен ажырап тұруы мүмкін. Оны бекітіп қосыңыз. • Үй сақтандырғышы күйіп кетті немесе тізбек ажыратқышы іске қосылды. Сақтандырғышты тексеріңіз және/немесе ауыстырыңыз және де тізбек ажыратқышын қайта орнатыңыз. • Қуат іркілісі. Үй шамдарын тексеріңіз.
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурсы тым төмен	• Температура регуляторы тиісті мағынаға орнатылмаған. Температура регуляторы жөніндегі бөлімге жүгініңіз. • Қондырғы жылы көзіне тым жақын орнатылды. • Жылы ауа райы- есігі жиі-жиі ашылады. • Есігі ұзақ уақыт бойы ашық қалады. • Мұздатқыш камерасында орама есіктің жабылуына кедергі болып тұр немесе желдету тесігін бітеп тұр.
Вибрация немесе дүрілдеу немесе ерсі шулар	• Екі камералы тоңазытқыш орнатылған еден тегіс болмауы мүмкін немесе екі камералы тоңазытқыш тұрақсыз болуы мүмкін. Түзету бұраманы бұрап жөнге келтіріңіз. • Екі камералы тоңазытқыштың артына керексіз заттар қойылған.
Мұздатылған азықта қыраудың немесе мұз кристаллдарының пайда болуы	• Мүмкін тесік сәл ашылып қалғанды немесе орама есіктің жабылуына кедергі болып тұруы мүмкін. • Есік тым жиі немесе тым ұзақ уақытқа ашылады. • Ораманың ішіндегі қырау ештең етпейді.
Корпустың бетінде ылғалдың пайда болуы	• Бұл қбылыс ылғал жерде орын алуы әбден мүмкін. Құрғақ орамалмен сүртіп тастаңыз.

X(2_□□□).indd 34 2006-05-18, □□ 4:36

Проблема	Ықтимал себептері
Ішінде ылғал жиналады	• Есік тым жиі немесе тым ұзақ уақытқа ашылады. • Ауа-райы ылғал болғанда, есік ашық тұрғанда ауа тоңазытқыштың ішіне ылғал айдайды.
Тоңазытқыштың ішінде иіс бар	• Қатты иісі бар азықты иісі шықпайтындай етіп жабу керек немесе орау керек. • Азықтың бұзылған-бұзылмағанын тексеріңіз. • Ішін тазалау керек. Тазалау жөніндегі бөлімге жүгініңіз
Ескі дұрыс жабылмайды	• Азық орамасы есіктің жабылуына кедергі болып тұр. Есіктің жабылуына кедергі болып тұрған орамаларды жылжытыңыз. • Екі камералы тоңазытқыш түзетілмеген. Түзету бұрамаларын бұраңыз. • Екі камералы тоңазытқыш орнатылған еден тегіс болмауы мүмкін немесе екі камералы тоңазытқыш тұрақсыз болуы мүмкін. Алдыңғы жағын түзеті бұрамалары арқылы сәл көтеріңіз.
Ішкішамы жанбайды	• Электрлік қуаттың болмауы. • Шамды ауыстыру керек. Шамды ауыстыру жөніндегі бөлімге жүгініңіз.



Ескі қондырғының өңделініп-жойылу тәртібі

1. Егер өнімге осы дөңгелекті қоқыс шелегінің сызылып тасталған бейнесі қыстырылса, өнімге 2002/96/EC Европалық Нұсқаулық қолданылады.
2. Барлық электрлі және электронды өнімдер үкімет немесе жергілікті органдар тағайындаған қоқыс жинау орталықтар арқылы тұрмыстық қоқыстан бөлек өңделініп-жойылады.
3. Ескі қондырғыңыздың дұрыс өңделініп-жойылынуы қоршаған орта мен адам денсаулығына деген ықтимал зиян әсердің бетін алуға септігін тигізеді.
4. Өңдеп-жою жөніндегі толық мәліметтерді алу үшін қала әкімшілігімен, қоқыс өңдеу орталығымен немесе бұйымды сатқан дүкенмен байланысыңыз.

X(2_□□□).indd 35 2006-05-18, □□ 4:36

Есікті кері бұру үшін

Сіздің тоңазытқыш-мұздатқышыңыз бұрылмалы есікті етіп жасалған, соның арқасында оның есігі Сіздің ас үйіңіздің жоспарына ыңғайластырылып, оң жаққа қарай немесе сол жаққа қарай ашыла алады.

Ескерту

1. Есіктің бағытын ауыстырмас бұрын Сізге оның ішіндегі барлық азық-түлік пен тоңазытқыш-мұздатқышыңыздың ішінде бекітілмейтін сөремлер мен салғыштар сияқты бөліктерді алып шығу қажет болады.
2. Бұрандаларды бұрау немесе босату үшін реттелмелі кілтті немесе бұранда кілтін пайдаланыңыз.
3. Тоңазытқыш-мұздатқышыңызды жатқызбаңыз. Ол бұзылуға әкеліп соғуы мүмкін.
4. Шешу немесе орнату барысында есікті түсіріп алмай, Абай болыңыз.

Есіктерді теріс айналдыру

1. Тоңазытқыш бөлімінің ТҰТҚА ❶ оң жағындағы ТЫҒЫН ❷ ажыратып алғаннан кейін БҰРАНДА ❸ шешіңіз. Тоңазытқыш бөлімінің ТҰТҚА ❶ астыңғы жағындағы 2 БҰРАНДА ❸ шешіңіз. Мұздатқыш бөлімінің ТҰТҚА ❺ ТҰТҚА ❶ ажыратылған кезектілікпен ажыратыла алады.



2. Бұранда ❼ шешіп алып, ❻ қапағын және ❽ қақпақ тығынын шешіп алыңыз. Бұранда ❾ шешіп алып L-пішінді ❿ бұрыштықты ажартыңыз да, білік ⓫ шығарып алыңыз. Мұздатқыш есігі ㉖ шешіп алып, тығын ⓬ орнын ауыстырыңыз. Есік топсасы ⓭ пен бұранда ⓮ орындарын ауыстырыңыз.



3. Бұранда ⓯ пен С-пішінді тежегіш ⓰ және Тоңазытқыш есігі ⓱ шешіп ㉖ алыңыз. Тығын ⓲ орнын ауыстырыңыз. Есік топсасы ㉒ пен бұранда ㉑ орындарын ауыстырыңыз.



X(2_□□□).indd 36 2006-05-18, □□ 4:36

4. U пішінді қыстырма 19 мен Тығын, Жоғарғы қақпақ 20 орындарын ауыстырыңыз. Тоңазытқыш есігі 17 орнатып, C-пішінді тежегіш 16 және бұранда 15 орнатыңыз. Мұздатқыш есігі 26 орнатыңыз. L-пішінде бұрыштық 10 және бұранда 9 орнатыңыз. Астыңғы қақпақ 6 және бұранда 7 орнатыңыз.



5. Мұздатқыш бөліміне орнатылған ТҰТҚА 5 тоңазытқыш бөліміне орнатыңыз. ТҰТҚАЛАРДЫҢ астыңғы жағын саңылауға кіргізіп, ТЫҒЫН 27 шешіп алғаннан кейін 2 бұранда 3 бұраңыз. БҰРАНДАЛАРДЫ тоңазытқыш бөлімінің ЕСІГІНЕ бұрап қойғаннан кейін ТЫҒЫН 2 басып кіргізіңіз. ТЫҒЫН 4 бұрын ТҰТҚА 1 орнатылып тұрған тесіктерге тығыңыз. Мұздатқыш бөлімінің ТҰТҚА 1 жоғарыда сипатталып кеткен әдіспен орнатылады.



6. Тоңазытқыш бөліміне ТҰТҚА 1 орнатылады, 5 бастапқы орнатылған орнына алынатын ТЫҒЫН 27 пайдалана отырып орнатылады.



Ескертпе

Ескерту Есік бағытын өзгерту кепілдендірумен қамтылмайды.

X(2_□□□).indd 37 2006-05-18, □□ 4:36